

Өтініш бергеннен кейін студенттерге жадынама

Менің өтінішімді қарастыруға қанша уақытты алады?

Өтінішті қарастыру мерзімі әр жағдайға байланысты әртүрлі.

Сіздің өтінішіңіз толық көлемде елшілікке немесе бас консулдыққа жіберілгеннен кейін оның барлық визалық талаптарға сәйкестігі тексеріледі. Егер дипломатиялық өкілдік оң шешімге келсе, онда Германияның шетелдіктер істері жөніндегі мекемесі бұл іске тартылады. Бұл мекеме виза беруге келісін беруі керек.

Бұл жағдайда, егер 23 күн өткеннен кейін шетелдіктердің істері жөніндегі мекемесінен виза беруге қарсылық болмаса, онда виза беріледі. 23 күндік мерзім дипломатиялық өкілдік толық көлемде ұсынылуы тиісті құжаттарды тексеріп, оның алдын ала мақұлдауын берген сәттен басталады.

Құжаттар толық болмаса, соңғы жетіспейтін құжат берілгенге дейін жоғарыда айтылған мерзім басталмайды.

Дипломатиялық өкілдік құжаттарды тексеру кезінде ақпарат бере алмайды және шетелдіктердің істері жөніндегі мекеменің шешіміне әсер ете алмайды. Кейбір жағдайларда шетелдіктер істері жөніндегі мекеме жоғарыда айтылған мерзімді 22-ші күні үзуі мүмкін. Бұл жағдайда өтініштің қарастыруы шетелдіктер істері жөніндегі мекемесі сөзсіз келісін бергенге дейін кейінге қалдырылады.

Өтінішті қарастыру мерзімі және ол бойынша шешім қабылдағаны нақты бөлімге байланысты. Танымал университеттер орналасқан және көптеген өтініштерді қарастыруға тура келетін шетелдіктердің мекемелері өтінішті қарастыруға әдетте ұзағырақ уақыт алады.

Шетелдіктердің істері жөніндегі мекемелері рұқсат берген жағдайда төлқұжат пен медициналық сақтандыру ұсынылуы керек. Бұл құжаттарды тапсырғаннан кейін виза, әдетте, бірнеше күннен кейін беріледі.

DAAD және Эрасмус стипендиаттары үшін басқа, қысқа мерзімдер бар.

Виза алу процедурасын жылдамдату мүмкін бе?

Құжаттар жаднамаларға сәйкес толық болса, виза рәсімін жылдамдатуға болады. Құжаттарды қаншалықты жақсы дайындасаңыз, өтінішіңіз соғұрлым тезірек қарастырылады.

Жалпы мәселе – университетке қабылдау туралы хатты алу мен халықаралық студенттердің оқуы басталатын күннің арасындағы уақыт жиі қысқа болады. Көптеген студенттер виза семестр басталар алдында ғана беріледі деген мәселеге тап болады.

Виза алуға үлгермей жатсаңыз, бұл туралы университетіңізге хабарлаңыз. Сондықтан қажетсіз шығындарды болдырмас үшін виза алмас бұрын ұшақ билеттерін сатып алмаңыз.

Неліктен менің өтінішім қай сатыда тұрғаны туралы сұрағыма жауап берілмейді?

Дипломатиялық өкілдік Сіздің өтінішіңіздің қашан қаралатыны туралы ешқандай ақпарат бере алмайды. Дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мекеме шетелдіктер істері жөніндегі мекемесінің өтінішіңізді қаншалықты жылдам қарастырылатына және визаның қаншалықты жылдам берілетініне **әсер ете** алмайды. Дипломатиялық миссия шетелдіктер істері жөніндегі мекемесінен рұқсат алмағанға дейін виза бере алмайды.

Егер Сіздің өтінішіңізді қарау барысында дипломатиялық өкілдікте немесе шетелдіктер істері жөніндегі мекемесінде сұрақтар туындаса, дипломатиялық өкілдік немесе Visametric Сізбен дереу хабарласады. Сондықтан, өтініште көрсетілген телефон және электрондық пошта мекенжайы бойынша әрқашан қолжетімді болыңыз.

Мен медициналық сақтандыруды алуым керек пе?

Сіздің өтінішіңіздің қарастырылуы аяқталып, виза алуға мүмкіндігіңіз болған кезде, дипломатиялық өкілдік сапардың ұзақтығына медициналық сақтандыру алуыңызды сұрайды. Бұл Қазақстаннан Германияға сапарыңыз кезінде сақтандырылған болуыңыз үшін қажет.

Медициналық сақтандыру бүкіл Шенген аймағында жарамды болуы керек, өйткені Сіздің ұлттық визаңыз бүкіл Шенген аймағында жарамды болады және Сіз Германияға басқа да Шенген мемлекеттері арқылы кіре аласыз.

Медициналық сақтандырудың ең аз мөлшері 30 000 еуро болуы керек. Сондай-ақ COVID-19 ауруы ең аз сақтандыру сомасы 30 000 еуромен сақтандырылуы керек.

Сіз медициналық сақтандыруды үш ай мерзімге алуыңыз керек. Дегенмен, Сіз Германияға келгеннен кейін жергілікті медициналық сақтандыруды алуға міндетті болғандықтан, неміс сақтандыруы күшіне енгеннен кейін бұрынғы медициналық сақтандыруыңыздан бас тарта аласыз. Сондықтан медициналық сақтандыруға өтініш бергенде, бас тарту мерзіміне назар аударыңыз.

DAAD және Эразмус стипендиаттары үшін жағдайға байланысты әртүрлі ережелер қолданылады.

Егер Сіз талапкер немесе дайындық бағдарламасының мүшесі болсаңыз немесе жеке университетте оқып жатсаңыз, шетелдегі дипломатиялық өкілдіктер виза бермес бұрын әдетте студенттің денсаулығын сақтандыруды растауды талап етеді. Бұл жағдайда саяхатшының медициналық сақтандыруы студенттің медициналық сақтандыруы басталғанға дейінгі кезеңге ғана (кемінде 14 күн) жасалуы керек.

Менің ұлттық визам қанша уақытқа дейін жарамды болады?

Шетелдіктер басқармасы қысқа мерзімге виза бермесе, ұлттық оқу визасы әдетте бір жыл мерзімге беріледі. Өтініш берушілер ең көп жарамдылық мерзімі 9 ай болатын виза алады.

Германияға келгеннен кейін мен не істеуім керек?

Германияға келгеннен кейін Сіз кідіртпей келесі әрекеттерді орындауыңыз керек:



1. Германияда медициналық сақтандыру алыңыз.

Медициналық сақтандыру сапар кезінде немесе Шенген аймағының басқа елдеріне саяхаттау кезінде ауырған жағдайда Сізді қорғайды. Дегенмен, ол Германияға келгеннен кейін ауырған жағдайларға қолданылмайды. Жергілікті неміс медициналық сақтандыруы міндетті болып табылады. Сіздің университетіңіз Сізге неміс сақтандыру компаниялары туралы ақпарат бере алады.

2. Тұруға рұқсат алу үшін өтініш беріңіз.

Германияға келгеннен кейін тұруға рұқсат алу үшін өтініш беру керек. Өтініш Германиядағы тұрғылықты жеріңіздегі шетелдіктер істері жөніндегі мекемеге беріледі. Өтініш беру үшін алдын ала күн мен уақытты белгілеу қажет. Оны алдын ала жасаңыз, өйткені күту уақыты бірнеше аптаға созылуы мүмкін. Сондықтан, келгеннен кейін бірден шетелдіктер істері жөніндегі мекемесінің веб-сайтына кіріп, қажетті ақпаратты алыңыз.

Әдетте, Сіз болу мерзімінің ұзақтығын, қаржыландыруыңызды және неміс сақтандыруын растауыңыз керек.

Егер виза Сіздің тұруыңыздың барлық мерзіміне берілген болса, тұруға рұқсат алуға өтініш берудің қажеті жоқ.

3. Шетелдіктерді тіркеу мекемесінде тіркеліңіз.

Германияда тіркелу міндетті. Сондықтан, келгеннен кейін бірден жаңа тұрғылықты жеріңіздің тіркеу мекемесіне тіркелуіңіз керек. Ақпаратты интернеттен табыңыз немесе университет жетекшіңізден бұл үшін қай мекеме жауапты екенін сұраңыз. Бұл Сіздің тұратын жеріңізге байланысты. Әдетте, Сізге алдын ала күн мен уақытты белгілеу қажет. Сондықтан, келгеннен кейін тиісті мекемесінің веб-сайтына кіріп, күн мен уақытты белгілеп, өзіңізбен бірге қандай құжаттарды алу керектігін анықтауыңыз керек.

Егер Сіз Германиядан кетсеңіз немесе Германиядағы басқа қалаға/муниципалитетке көшсеңіз, Сіз бұрынғы тұрғылықты жеріңізден тіркеуден шығып, жаңа тұрғылықты жеріңізде тіркелуіңіз қажет.